

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға туберкулезге қарсы көмекті ұйымдастыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2009 жылғы 28 қазандағы № 141 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 2 желтоқсандағы № 810 бірлескен Бұйрықтары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 14 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6001 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 27 ақпандағы № 115 және Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 ақпандағы № 117 Бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.02.27 № 115 және ҚР Ішкі істер министрінің 2012.02.29 № 117 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 97-бабына, Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын қорғау және санитариялық саулығы саласындағы заңнамаларға сәйкес, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі - ҚАЖ) мекемелерінде ұсталатын адамдарға туберкулезге қарсы көмекті ұйымдастыру ережесі бекітілсін.

2. Облыстар, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының бастықтары ҚАЖ мекемелеріне:

1) флюорографиялық тексерістер өткізуге;

2) бактериологиялық, микроскопиялық және культуральдық зерттеулер жасауға, туберкулезге қарсы ұйымдардың (келісім бойынша) зертханалары базасында туберкулездің туберкулезге қарсы препараттарына микробактерияларға дәрілік сезімталдылығына тест өткізуге;

3) Орталықтандырылған дәрігерлік-кеңестік комиссиялардың бірлескен отырысын;

4) ҚАЖ мекемелерінде туберкулезге қарсы шаралардың мониторингін өткізуге;

5) туберкулезбен науқас адамдар туралы туберкулезге қарсы ұйымдар, ҚАЖ мекемелері арасында ақпаратпен алмасуға;

б) ұйымдастыру-әдістемелік, техникалық және консультативтік көмек көрсетсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

1) мыналарды:

бактерия бөлу мен дәрілік тұрақтылықты ескере отырып, туберкулезбен науқастарды жеке ұстауды;

туберкулезбен науқастармен қарым-қатынаста болатын ведомство қызметкерлерін жоғары дәрежедегі жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етсін;

2) 2009 жылғы 15 желтоқсанға дейін 2010 жылы ҚАЖ-дың басқа мекемелеріне пилоттық жобаны тарату арқылы Қарағанды облысы бойынша ҚАЖ мекемелерінде көптік дәрілік тұрақтылығы бар науқастарды емдеу бағдарламасын енгізу бойынша жоспар әзірленіп, бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әділет вице-министрлеріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрінің м.а. Әділет министрінің м.а.

_____ Б. Садықов _____ Д. Құсдәулетов

« К е л і с і л г е н »

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

_____ Г. Әбдіқалықова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі м.а.

2009 жылғы 2 желтоқсандағы № 810

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі м.а.

2009 жылғы 28 қазандағы № 141

бірлескен бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға туберкулезге қарсы көмекті ұйымдастыру ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексіне, Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын қорғау және санитарлық саулығы саласындағы заңнамаларға сәйкес әзірленген және қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі - ҚАЖ) тергеу изоляторларында (бұдан әрі - ТИЗО) ұсталатын

қылмыс жасаған күдіктілер мен айыпталушыларға (бұдан әрі - күдіктілер және айыпталушылар), сонымен қатар ҚАЖ түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан адамдарға (бұдан әрі - сотталғандар) туберкулезге қарсы көмекті ұйымдастырумен байланысты мәселелерді реттейді.

2. Күдіктілерге, айыпталушыларға және сотталғандарға туберкулезге қарсы көмек арнайы мекемелерде және ҚАЖ-дың медициналық бөлімшелерінде көрсетіледі.

3. Күдіктілерге, айыпталушыларға, сотталғандарға туберкулезге қарсы көмекті, сондай-ақ оның сапасын қадағалау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (бұдан әрі - ҚАЖ комитеті), оның аумақтық органдары, оның ішінде медициналық басқармалар, бөлімдер, бөлімшелері, топтар (бұдан әрі - медициналық қызметтер) жүзеге асырады.

4. Туберкулезбен ауыратын адамдарды ұстауға және емдеуге арналған туберкулез ауруханалары және мекемелері арнайы емес мекемелердің туберкулезге қарсы жұмысы бойынша ұйымдық-әдістемелік орталықтары болып табылады. Осы қызмет бағытындағы негізгі ұйымдастыру іс-шараларын, сонымен қатар мекемелер мен аумақтық денсаулық сақтау басқармасы органдары арасындағы үйлестіру мен өзара іс-қимылды туберкулез бойынша мамандар (бас, аға инспекторлар және маман инспекторлар) жүзеге асырады.

5. Туберкулезге қарсы көмек көрсетудің негізгі принциптері:

- 1) туберкулездің алдын алу;
- 2) туберкулезді ерте анықтау, диагностикалау (әсіресе өкпе туберкулезінің бацилла шығаратын түрін) және оларды тепе-тең нәтижелі емдеу;
- 3) анықталған ауруларды туберкулезге қарсы медициналық ұйымдарға уақтылы жіберу;
- 4) туберкулезбен ауырғандармен қатынаста болған адамдарды уақтылы анықтау, оларды тексеру, профилактикалық емдеу, диспансерлік қадағалау;
- 5) оларды оқшаулау және бөлек ұстау; туберкулездің белсенді түрімен ауыратындарды, осы ауру бойынша диспансерлік есепте тұрмайтындардан; диспансерлік есептің 0 тобында бақыланатындарды, I және II диспансерлік есеп тобындағы науқастардан; I диспансерлік есеп тобындағы науқастарды, II диспансерлік есеп тобында тұрған науқастардан; туберкулез микробактериясын шығаратын ауруларды, туберкулездің белсенді түрімен ауыратын басқа аурулардан; көптеген дәрі-дәрмекке төзімді бактерия шығаратындармен полирезистенттілерді басқа сезімтал микробактерия шығаратындардан;
- 6) диагностикалық есепке алуды, диагностикалық іс-шараларды, сонымен

қатар туберкулез ауруларын емдеуді белгіленген тәртіпте жүргізу;

7) туберкулез ауруларын анықтауда, емдеуде және диспансерлік қадағалауда азаматтық денсаулық сақтау секторы мекемелерімен сабақтастық;

8) туберкулезбен науқастарды мекемелер мен қызметтер арасында ауыстыру кезінде сабақтастық;

9) туберкулезге қарсы шараларды кезең-кезеңмен жүргізу;

10) міндетті түрде инфекциялық бақылау ережелерін сақтау болып табылады.

6. ҚАЖ-дың туберкулезге қарсы медициналық ұйымдарына:

1) туберкулезге қарсы ауруханалар;

2) туберкулезбен ауыратын сотталғандарды ұстауға және емдеуге арналған мекемелер;

3) әйелдерді, жасөспірімдерді, сот және құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлерін, өмірлік бас бостандығынан айырылғандарды ұстауға арналған түзеу мекемелерінде, түрмелерде, ТИЗО-да туберкулезбен науқастарды ұстауға және емдеуге арналған оқшаулау участкілері жатады.

7. ҚАЖ-дың барлық мекемелерінде медициналық бөлімдер қарастырылған, оның құрамына терапевт, фтизиатр, дермотовенеролог, психиатр, стоматолог, рентгенолог және басқа да салалық мамандар, сонымен қатар орта медициналық персонал кіреді.

8. ТИЗО-ның медициналық бөлімінің мамандары:

1) бактерия бөлінетін туберкулез жағдайларын ерте анықтау және диагностикалайды;

2) бактерия бөлуші туберкулезбен науқасты уақтылы оқшаулайды;

3) бактерия бөлуші және дәрілік тұрақтылығы ескерілген ем қабылдап жатқан туберкулезбен науқастарды бөлек ұстауды ұйымдастырады;

4) қарым-қатынаста болған адамдарды тексеру жүргізеді;

5) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес есептік құжаттаманы, туберкулезбен науқастардың Ұлттық тізілімін жүргізеді және туберкулезге қарсы шаралардың тиімділігін анықтайды;

6) санитарлық-ағартушылық жұмыстар жүргізеді.

9. Түзеу мекемелері (бұдан әрі - ТМ) медициналық бөлімдерінің мамандары:

1) туберкулез жағдайларын ерте анықтайды және диагностикалау;

2) жұқпалы туберкулезбен науқастарды уақтылы оқшаулау;

3) туберкулезбен науқастарды ұстау және емдеуге арналған мамандандырылған мекемелерге жіберілуін ұйымдастырады;

4) қарым-қатынаста болған адамдарды тексереді;

5) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес есептік құжаттаманы жүргізеді және туберкулезге қарсы шаралардың тиімділігін анықтайды;

6) санитарлық-ағартушылық жұмыстар жүргізеді.

10. Туберкулезбен науқастарды ұстау және емдеуге арналған туберкулезге қарсы ауруханалар мен мекемелердің мамандары:

- 1) туберкулез жағдайларын диагностикалау;
- 2) орталықтандырылған дәрігерлік-кеңестік комиссияларды ұйымдастырады және өткізеді;
- 3) микробактериялардың туберкулезге қарсы препараттарға дәрілік тұрақтылығына культуралдық зерттеулер мен тестілер ұйымдастырады;
- 4) бактерия бөлуші және дәрілік тұрақтылығы ескерілген ем қабылдап жатқан туберкулезбен науқастарды бөлек ұстауды ұйымдастырады;
- 5) туберкулезбен науқастарға ем жүргізеді;
- 6) емнің когорттық талдауын жүргізеді;
- 7) туберкулезбен науқастардың Ұлттық тізілімін жүргізеді;
- 8) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес есептік құжаттаманы жүргізеді және туберкулезге қарсы шаралардың тиімділігін анықтайды;
- 9) диспансерлік қадағалау жасайды;
- 10) санитарлық-ағартушылық жұмыстар жүргізеді;
- 11) туберкулезге қарсы шаралардың мониторингін және баға береді.

11. Туберкулезді анықтау, диагностикалау, туберкулезге қарсы емді тағайындау және диспансерлік бақылаудың түрін анықтау сапасын арттыру мақсатында мамандандырылған мекемелерде мекеме бастығының бұйрығымен ҚАЖ орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссия құрылады.

ҚАЖ орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссия құрамына:

- 1) төраға – туберкулезге қарсы аурухана (мекеме) бастығы, ол әрі мекеме бастығының емдеу-алдын алу жұмыстары жөніндегі орынбасары; төраға орынбасары – медико-санитарлық бөлімнің бастығы кіреді;
- 2) комиссия мүшелері:
бөлімше бастықтары;
бактериолог-дәрігер;
провизор (дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жауапты);
рентгенолог.

Комиссия жұмыс көлеміне байланысты аптасына 1-2 рет отырыс өткізеді, ТМ және ТИЗО-ға барады. Осы Ереженің 13-тармағымен көзделген жағдайлардан басқа, туберкулез диагнозы осы комиссияның шешімімен ғана расталады және ол диспансерлік есепке алу тобын анықтайды.

12. Ауруларды бір диспансерлік есептен басқа диспансерлік есепке ауыстыру орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссия шешімімен жүргізіледі және амбулаторлық науқастың медициналық картасына тіркелетін эпикризбен ресімделеді.

13. Мынадай жағдайларда туберкулез диагнозы қылмыстық-атқару жүйесі

мекемелері үшін аумақтық азаматтық секторының орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссиясы арқылы расталады:

1) облыстық ҚАЖ туберкулез ауруларын ұстауға және амбулаторлық емдеуге арналған ҚАЖ туберкулезге қарсы мекемесі жоқ болғанда;

2) ҚАЖ мекемесі базасында орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссиясы бар ҚАЖ-дың туберкулезге қарсы мекемесінен қашықтықта орналасқанда.

14. Орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссия туберкулез диагнозын растаған жағдайда науқас аумақтық бекітілуі бойынша ҚАЖ туберкулезге қарсы мекемеге ем қабылдау үшін жіберіледі.

15. ҚАЖ мекемелерінің мүмкіндігі болмаған жағдайда (бактериоскопиялық және бактериологиялық зертхананың болмауы, зертханашының болмауы) азаматтық сектордың туберкулезге қарсы қызметі техникалық (жылжымалы флюороқондырғы) көмек көрсетеді, профильдік мамандардың қарауы, клиникалық-зертханалық тексерістер (қақырық жағындысының микроскопиясын және/немесе культуральды тексерістерді) келісімге сәйкес жасайды.

16. Туберкулездің асқынған жағдайларына клиникалық талдау аумақтық басқармалардың мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бөлімшелерімен (бұдан әрі - МСЭҚБ), Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті басқармаларының (бұдан әрі - ҚАЖКБ) медициналық қызметтерімен бірлесіп, талдау хаттамасы мен іс-шаралар жоспарын құру арқылы жүргізіледі.

17. Науқастарда туберкулездің реактивация белгілері анықталғанда олар дереу оқшаулануы (мекеме медициналық бөлімінің жұқпалы аурулар изоляторы бөлмесіне) және туберкулезге қарсы мекемеге стационарлық ем қабылдау үшін ҚАЖ-дың туберкулезге қарсы мекемелеріне жөнелтілуі қажет. Науқас жөнелтілген соң, ол болған бөлмелерде (туберкулез инфекциясының ошағы) қорытынды залалсыздандыру жүргізіледі.

18. Туберкулез инфекциясы ошағында төмендегідей іс-шаралар атқарылады:

1) ауруханаға жөнелтілгенге дейін науқасты уақтылы оқшаулау (медициналық бөлімнің изолятор бөлмесіне);

2) инфекция көзін анықтау;

3) туберкулездің белсенді түрімен ауырған науқаспен қарым-қатынаста болғандарды анықтау, оларды диспансерлік есепке алу, тексеру жүргізу;

4) залалсыздандыруды жүргізу;

5) санитарлық-ағарту жұмыстары (дәрістер, әңгімелер, санитарлық бюллетендер шығару).

19. Атқарылған залалсыздандыру жұмыстары бойынша мәліметтер, мекеменің медициналық бөлімінде сақталатын, залалсыздандыру журналына жазылады.

20. Туберкулезбен науқас күдіктілер, айыпталушылар және сотталғандар этаппен жіберілген кезде жіберуші мекемелермен маскалармен (хирургиялық), қақырық жинау ыдысымен қамтамасыз етіледі. Бактерия бөлуші туберкулезбен ауырытындармен еріп жүретін айдауылдау қызметі жіберуші мекемелерден респираторлармен қамтамасыз етіледі.

2. Туберкулезді анықтау және диагностикалау

21. ҚАЖ мекемелерінде туберкулез жағдайын анықтау төмендегі кезеңдерде:

- 1) мекемеге келген уақытында (карантинде);
- 2) профилактикалық медициналық тексерістер барысында;
- 3) ауруы бойынша медициналық көмекке жүгінген кезде жүзеге асырылады.

22. Көмекке жүгінгенде медициналық қызметкерлер туберкулезді диагностикалау, алдын алу және емдеу, қарым-қатынас жасаған адамдармен және қауіптілер тобындағы адамдармен жұмыс жасау мәселелері жөнінде, сондай-ақ туберкулезбен ауыратын адамдарды емдеу және диспансерлік, науқастану күдігі туған адамдарға ем қабылдауды ұйымдастыру дағдыларын білулері қажет.

23. ҚАЖ мекемелерінің әрбір жасағында, туберкулез ауруына күдігі бар жөтеліп жүрген сотталғандарды тіркейтін, осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес «Жөтелетін аурулар журналы» жүргізіледі. Егер жөтел 2 аптадан ұзақ болса сотталған диагностикалық алгоритм жүргізу үшін туберкулез күдігімен медициналық қызметкерге жіберілуі тиіс.

24. Туберкулезге күдіктіні анықтаған жағдайда ТМ-нің медицина қызметкері дереу ол жөнінде медициналық бөлім бастығына баяндайды және пациентті оқшаулауға және тексеруге арналған шараларды жүргізеді.

25. Мекемеде бактерия шығаратын науқастар инфекциялық изоляторда ұсталу қажет.

26. Арнаулы емес ҚАЖ-дың барлық мекемелерінде үй-жайлардан алыстатылған, инфекциялық бақылау және санитарлық нормалар мен ережелердің талаптарына сәйкес жабдықталған медициналық тексеру және науқастарды қарауға арналған кабинеттер, қақырық жинау бөлмелерін (орнын) ұйымдастыру қажет. Климаты жылы өңірлерде қақырық алуды далада арнайы жасалған орында ұйымдастыру қажет.

27. Қақырықтың теріс мәнді жағындымен өкпе туберкулез ауруын анықтау үшін:

- 1) қышқылға төзімді бактериялардың болуына қақырық жағындысына микроскопиялық зерттеу жүргізу кезінде 3 рет теріс нәтижелі микроскопияның расталуы;

- 2) белсенді өкпе туберкулезіне тән рентгенологиялық өзгерістер;
- 3) кең ауқымды бактерияға қарсы препараттардың тиімсіздігі;
- 4) туберкулезге қарсы дәрі-дәрмектерді тағайындау туралы орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссиялардың шешімі қажет.

28. Транзиттік пункті арқылы бара жатқан күдіктілер, айыпталушылар және сотталғандар ашық түрдегі жеке ісі анықтамасындағы ілеспе құжаттарға сәйкес және медициналық көмекке жүгінген кезінде қажетті тексерістер мен ем қабылдай алады. Диагностикалық және емдеу процедуралары ТИЗО-ғы тергеу-қамауындағыларға қатысты жалпы ережелер мен талаптарға сәйкес жүргізіледі.

29. Транзиттік пункті арқылы жіберілген адамнан туберкулез ауруына күдік болса, ол медициналық бөлім бастығының баянатымен транзитті камерадан диагностикалық алгоритм жүргізілетіндерге арналған камераға көшіріледі. Тергеу изоляторының кезекші көмекшісі өзінде сақталатын жеке істі бөлек алып және медициналық бөлім бастығының қатысуымен жеке істен амбулаториялық картаны алады. Мәселе шешілгенге дейін ашылған жеке іс тергеу изоляторының кезекші көмекшісінде қалады. Медициналық бөлім бастығы ТИЗО бастығының атына науқастың диагнозы анықталғанша осы транзиттен алу туралы баянат беріледі.

Диагнозы анықталған жағдайда:

1) медициналық бөлім бастығы тарапынан ТИЗО бастығының атына тағы да маршрут бағытын туберкулезге қарсы мекемеге өзгерту мәселесін шешу туралы баянат беріледі;

2) айдауылдауға дейін науқасты, туберкулез ауруларына арналған медициналық бөлім камерасына ауыстырады;

3) диагнозды растау процедуралары жүргізіледі және осы жағдайдың түріне байланысты тіркеу жасалады, тиісінше ем тағайындалады.

4) фтизиатр (транзит орнының фельдшері) жол парағына және ТИЗО транзитті камераларының орналасуына сәйкес қарым-қатынаста болғандарды анықтайды, олардың аты-жөнін науқастың амбулаториялық картасына тіркейді;

5) тексеріс жүргізген медициналық қызметкер, жеке істің ашық анықтамасындағы қорытындыға аты-жөнін, лауазымын және күнін көрсете отырып қол қояды. Егер транзитпен кетіп бара жатқан кісі туберкулезді науқаспен қарым-қатынаста болған болса, онда бұл этаппен бара жатқан адамның жеке ісінің ашық анықтамасында «қатынаста болған» белгісімен көрсетілуі тиіс.

30. Анамнезінде туберкулез бар барлық адамдардың бұрынғы мекен жайына (тұрғын жеріне) сұраныс жіберіледі.

31. Арнайы мекемелерге жібергенде төмендегі медициналық құжаттарды

ұ с ы н у

қ а ж е т :

- 1) мұрағаттық рентген-флюоро тексеріс деректері;
- 2) бактериоскопиялық (микроскопия, дақылдық және дәрілік сезімталдыққа тесті) зерттеулер деректері;
- 3) амбулаторлық карта;
- 4) эпидемиологиялық тексеріс деректері;
- 5) кезеңді аудармалық эпикриз.

3. Туберкулез жағдайларын тіркеу, емдеу және диспансерлік қадағалау

32. Туберкулезбен ауыратын науқастар осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес химиятерапияның стандартты үлгілері бойынша ем алады.

ТИЗО-да туберкулезбен науқас мекеменің туберкулезге қарсы бөлімшесінде (камерада) ем қабылдайды, кейін бас бостандығынан айыру түрінде қылмыстық жаза тағайындалған сот үкімі заңды күшіне енгеннен кейін ҚАЖ-дың туберкулезге қарсы мекемесіне ауыстырылады.

33. Туберкулезбен науқас адамға ем жүргізіліп жатқан мекемелерде препараттарды беретін және олардың қабылдануын қадағалайтын бөлме бөлу қажет. Бақыланатын ем фтизиатр-дәрігер мен жасақ бастығының қатысуымен орта медициналық қызметкермен жүргізіледі. Фтизиатр жүйелі түрде тікелей бақыланатын емдеу процесіне хаттамасын қолдана отырып мониторинг жүргізіп отыруы қажет. Жасақ бастығы барлық науқастардың туберкулез бөлмесіне келуін қамтамасыз етуі қажет.

Емдеу бастамастан бұрын, науқаспен «Ем қабылдау үшін науқастың ақпараттық келісімі» 14 ТБ нысанына қол қоюы арқылы тағайындалған туберкулезге қарсы препараттарды қабылдау қажеттігі, емделуде үзілістің қаупі, аурудан емделу ұзақтығы мен қиындығы, қосымша реакциялардың болуы, қоршағандарға инфекциялық қауіптің туындауы туралы әңгіме өткізіледі.

34. Туберкулезге қарсы емдейтін ҚАЖ мекемелерінде төменде көрсетілген санаттағы адамдарға, олар:

- 1) туберкулезге қарсы препараттарға сезімталдығы анықталған оң мәнді жағындымен, алғаш рет анықталған туберкулезбен науқастарға;
- 2) туберкулезге қарсы препараттарға сезімталдығы анықталған, оң мәнді жағындымен туберкулездің қайталану жағдайларына;
- 3) бактерия бөлмейтін өкпе туберкулезі мен өкпеден тыс түрлеріне, сонымен қатар емдеу барысында абацилляцияланғандарға;
- 4) көптік дәрілік тұрақтылығы бар туберкулезбен ауыратындар;
- 5) созылмалы туберкулезбен ауыратындарға;
- 6) тек ғана симптоматикалық емдеу тағайындалған интенсивті терапия мен

хирургиялық емдеуге жататын кең және жаппай дәрілік тұрақтылығы бар науқастарға арналған арнаулы бөлімшелер ұйымдастырылуы керек. Осы санаттағы адамдар талап етілетін инфекцияларды бақылау шараларын сақтай отырып, басқа бөлімшелердің және жасақтардың науқастарымен әртүрлі қатынастардан оқшауланған болуы керек.

35. Туберкулезге қарсы ем жүргізілетін ҚАЖ мекемелерінде туберкулезге қарсы препараттар, қосымша әсер ету, асқынуды емдеуге және басқа да ауруларды емдеуге арналған дәрі-дәрмектері бар күзетілетін дәріхана болуы тиіс. Препараттар санитарлы ережелер мен нормаларға сәйкес температура режимі мен ылғалдылықты сақтай отырып қажетті жағдайларда сақталады. Туберкулезге қарсы және симптоматикалық кейбір препараттар үшін мұздатқыш қондырғысы міндетті түрде қажет. Дәріхана сотталғандардың қол жетпейтін жерінде орналасуы керек. Медициналық қызметкерлердің дәрілік препараттарға үнемі қол жетімділігі болуы тиіс, әсіресе шұғыл көмек көрсету қажет болған кезде.

36. Диспансерлік есепке алудың III тобына жататындар, ҚАЖ арнаулы емес мекемелеріндегі фтизиатр-дәрігерінде қаралады. I топқа жататындар, ҚАЖ-дың туберкулезге қарсы ем жүргізетін мекемелерінде ұсталады.

37. Аз қалдықты өзгерістері бар диспансерлік есепке алудың II тобына және 0 жататын адамдар орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссияның шешімімен арнаулы емес түзеу мекемелерінде, фтизиатр дәрігері бақылауында оқшаулауланған учаскелерде ұсталуы қажет.

38. Көптеген қалдықты өзгерістері бар адамдар орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссияның шешімімен ҚАЖ-дың туберкулезге қарсы мекемелеріндегі диспансерлік бөлімінде бақыланады.

Кәмелетке толмағандарға арналған мекемелердегі адамдарды диспансерлік қадағалау азаматтық денсаулық сақтау секторындағы диспансерлік қадағалауға с ә й к е с жү р г і з і л е д і .

39. Диспансерлік есепке алудың 0 тобына, ҚАЖ мекемелерінде стандартты диагностикалық алгоритм жүргізгеннен кейін, туберкулез процесінің белсенділігі бар немесе жоқтығын анықтау мүмкін болмаған, туберкулезге күмәнді адамдар бақыланады. Бұл санаттағы адамдарға диспансерлік есепте тұрмаған, күмәнді белсенділікпен алғашқы рет табылған және қайталанған жағдайлар жатады.

40. Тұрақты немесе ұзақ мерзімді еңбекке жарамдылық, сондай-ақ оның елеулі шектелуі кезінде науқастарға мүгедектік белгіленеді. Сотталғандарға мүгедектікті белгілеуді және оның мерзімін ұзартуды Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдары жүргізеді. Сотталғанға мүгедектік тобы белгіленген жағдайда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы т а ғ а й ы н д а л а д ы .

Сотталған-мүкедектерге мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы сотталғандардың есеп шотына аударылады.

4. ҚАЖ-да көптік дәрілік тұрақтылығы бар туберкулезбен науқастардың емін жүргізу

41. ҚАЖ-дың медицина мамандары «Көптік дәрілік тұрақтылығы бар туберкулез» бағдарламасы бойынша базалық циклде, кейін тиісті сертификатты алу үшін білім алулары тиіс.

42. ҚАЖКБ және облыстық, Астана және Алматы қ.қ. Денсаулық сақтау басқармаларының бірлескен бұйрықтарымен азаматтық мекемелермен бірігіп әрбір көптік дәрілік тұрақтылығы бар науқастың диагнозы және емдеу тактикасы бойынша алқалық шешім қабылдайтын облыстық туберкулезге қарсы мекеме өкілін шақыру арқылы мамандандырылған орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссиялар ұйымдастыру қажет.

43. IV санаттағы науқастарға емдеу қарама-қарсы көрсеткіштер жоқ болған жағдайда тағайындалуы мүмкін. Әрбір науқас бойынша соңғы шешімді азаматтық мамандармен бірлескен орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссия шешеді. Ұзақ мерзімдегі емдеуге және препараттарға жанама реакция болуы мүмкіндігі туралы алдын-ала психологиялық дайындық, сонымен қатар санитарлық ағарту IV санат бойынша емдеудің ажырамас бөлігі болып табылады.

44. Көптік дәрілік тұрақтылығы бар туберкулез диагнозы құжаттамалық расталған барлық науқастар ем қабылдағанға дейін микроскопия, бактериологиялық зерттеулердің, рентгенологиялық зерттеулерінің мәліметтері, клиникалық-зертханалық зерттеулер және мамандардың қорытындылары болуы қажет. Екінші қатардағы препараттармен емделіп жатқан барлық Көптік дәрілік тұрақтылығы бар туберкулезбен науқастарға, қарқынды кезеңде ай сайын, жалғастыру кезеңінде тоқсан сайын қақырық жағындысына микроскопия тексерістерін жасап тұру қажет. Бактериологиялық зерттеу үшін материал алған кезде туберкулезге қарсы препараттармен емделу үзілмеуі тиіс. Рентгенологиялық тексерулер науқастың емделу динамикасын қадағалау үшін тоқсан сайын өткізілуі тиіс. Қосымша емдеу курсының барлық кезеңінде клиникалық мониторинг өткізіледі және теріс реакциялардың болуын қадағалау үшін, сондай-ақ басқа да патологияларды емдеу үшін мамандардың қарауы жүргізіліп отырады.

5. Ведомствоаралық өзара әрекет ету

45. ТИЗО-да туберкулезбен ауыратын науқас анықталған кезде аумақтық ОТҚД-н келесі ақпарат сұратылады: түрі, санаты, емнің алдыңғы оқиғасы және өзге деректер. ОТҚД мамандары сұрау келіп түскеннен 7 күн ішінде туберкулезбен науқас туралы сұратылған ақпаратты ұсынады.

Ақпаратпен алмасу кезінде Бағыттық картаны, туберкулезбен ауыратын науқастардың тізімін осы Ереженің 4, 5-қосымшаларына сәйкес пайдаланады.

46. Тергеу-қамауындағы ТИЗО-дан азаматтық секторға (сот залынан босатылған кезде) кету жағдайында ОТҚД-ға науқас туралы барлық мәліметтер (жазылған эпикриз, ТБ 01 көшірмесі, бағыттық карта, кету мекенжайы) беріледі. Кейіннен, ай сайын емдеу нәтижелерін тіркеу арқылы ОТҚД-мен салыстыру жүргізіледі.

47. ҚАЖ-дың медициналық қызметі:

1) арнайы есепке алу бөлімімен бірлесіп туберкулезбен ауыратын босатылуға дайындалып жатқан сотталғандардың тізімін дайындайды;

2) ОТҚД-ге туберкулезбен ауыратын алдын ала босатылатын сотталғандар туралы ақпараттар ұсынады: мерзімінің аяқталуы бойынша басатылатын науқастарға – босатылуына дейін 2 ай бұрын, мерзімінің аяғына жетпей (шартты мерзімінен бұрын босатылатын) және денсаулығына байланысты босатылатындар) – босатылуы мүмкін күніне дейін 1 ай бұрын (жауапты: медициналық қамтамасыз ету бөлімшесінің туберкулез бойынша маманы) (бұдан әр і - М Қ Б) ;

3) науқас ТИЗО және туберкулез колониясынан босатылғанан кейін ОТҚД-ге ақпарат ұсынады (ТБ 01, ауру тарихының жазбасы, туберкулез ауруын өткізу актісі) және «емді жалғастыруға ауыстырылғандар» тіркеу журналына бекітеді (жауапты: емдеуші дәрігер, медицина бөлімінің бастығы);

4) ОТҚД-ден (аумақтық және бекітілген облыстарға) емделуінің аяқталуына дейін, ТИЗО немесе туберкулезге қарсы колонияларынан босатылған туберкулезбен ауыратын науқастың емделу нәтижесі сұралады (жауапты: емдеуші дәрігер, медицина бөлімінің бастығы, ҚАЖКБ-ның МҚБ туберкулез бойынша маманы).

ҚАЖ мекемесінің әкімшілігі аумақтық туберкулезге қарсы мекемелерге сотпен мәжбүрлеп емдеу тағайындалған, тиісті құжат бар бактерия бөлуші науқасқа еріп баруды және жеткізілуін қамтамасыз етеді.

48. Азаматтық денсаулық сақтау секторының туберкулезге қарсы мекемелерінің жауапты мамандары:

1) босатылуына 2 ай қалған, туберкулезбен ауыратын сотталғандар мен тергеу-қамауындағылардың тізімін алады (жауапты: ҚАЖКБ МҚБ қызметкері, түрмелер бойынша үйлестіруші);

2) босатылуынан 2 ай бұрын, туберкулезге қарсы мекемеден алынған,

туберкулезбен ауыратындар туралы ақпаратты тексереді (науқастың тұрғылықты мекен жайының дұрыстығын), сонымен қатар босатылғаннан кейін науқасқа әсер ететін себептерді анықтау және жою, мекенжайының расталуын алу мақсатында туыстарымен және жақындарымен әңгімелеседі (жауапты: ҚАЖКБ МҚБ қызметкері, түрме бойынша үйлестіруші);

3) пациенттердің тұрғылықты жеріндегі учаскелік фтизиатріне дайындалған тізімдерді жолдайды (жауапты: ҚАЖКБ МҚБ қызметкері, түрме бойынша үйлестіруші);

4) ҚАЖ-дың медициналық қызметіне, көрсетілген фактілердің дұрыс еместігіне немесе көрсетілген мекен жайдың болмағандығы туралы ақпарат ұсынады (жауапты: ҚАЖКБ МҚБ қызметкері, түрме бойынша үйлестіруші);

5) келген туберкулезбен ауыратын науқастарды тіркейді және ҚАЖ-дың медицина қызметіне хабарлайды (жауапты: ҚАЖКБ МҚБ қызметкері, түрме бойынша үйлестіруші);

6) ҚАЖ-дың медициналық қызметіне, ҚАЖ-да химиотерапия курсы біткеннен кейін келген туберкулезбен ауыратын науқастың емінің аяқталу нәтижесі туралы ақпаратты ұсынады (жауапты: ҚАЖКБ МҚБ қызметкері, түрме бойынша үйлестіруші).

6. Есептілік құжаттары мен электрондық база деректері

49. Өмірінде алғаш рет оқшаулаудың барлық нысанындағы туберкулездің белсенді түріне хабарлама толтырылады және үш күн ішінде МСЭҚБ жолданады. Бактерия бөлуші науқастар анықталған жағдайда, сондай-ақ, өлімге себеп болған туберкулездің белсенді диагнозы анықталған жағдайда фтизиатр хабарлама толтырып, 24 сағат ішінде ҚАЖКБ МСЭҚБ-ға жіберіледі.

50. Қайталап тіркеуді болдырмау мақсатында тоқсан сайын және жыл соңында алғашқы рет туберкулезбен ауырғандардың саны туралы ҚАЖ-дың туберкулезге қарсы мекемелердің мәліметтерімен қоса арнайы емес мекемелердің ақпараттарымен осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес салыстыру жүргізіледі.

51. Транзиттік өту пункті арқылы өтетін туберкулезбен науқас адамды анықтаған жағдайда хабарлама осы адамды жіберген мекемеге және облыстық ҚАЖКБ медициналық қызметіне жолданады.

52. ҚАЖ-дың барлық мекемелерінде ТБ 03 туберкулезді тіркеу журналы, ТБ 15 туберкулезіне күлікті науқастарды тіркеу журналы жүргізіледі және ТБ 07 есебі құрастырылады.

53. Туберкулезге қарсы ем жүргізілетін мекемелерде әрбір науқасқа ТБ 01 (ТБ 01 IV санаты), ТБ 05, ТБ 06, ТБ 14, ТБ 16 нысандары толтырылып, ТБ 04, ТБ 11,

ТБ 12, ТБ 17, ТБ 18 (3-қосымша) нысандары жүргізіледі.

Келесі есеп нысандары құрылады: ТБ 02, ТБ 07, (ТБ 07 IV санаты), ТБ 08 (ТБ 08 IV санаты), ТБ 10 (ТБ 10 IV санаты), ТБ 13 және мекемелер орналасқан облыстық ҚАЖКБ-ның медициналық қызметтеріне беріледі. Облыстық ҚАЖКБ медициналық қызметі талдау өткізгеннен кейін есеп нысандарын ҚАЖ комитетінің МҚБ-ға ұсынады.

Қоныс-колонияларында аумақтық ОТҚД-дан алынған қақырық қорытындылары негізінде ТБ-08 және ТБ-10 жасалынады.

54. Туберкулез бойынша (ауру, өлім-жітім) эпидемиологиялық көрсеткіштер есебі ТИЗО мен ТМ бойынша жеке талдаулары бар түрме халқының санына жүргізіледі.

55. ҚАЖ мекемелерінде тіркелген туберкулезбен ауыратындар туралы барлық ақпарат бірыңғай мәліметтер базасына енгізіледі. Туберкулез жағдайлары туралы мәліметтерді енгізу туберкулезбен ауыратындар ем қабылдап жатқан мекемелерде жүзеге асырылады.

56. ҚАЖ комитетінің МҚБ туберкулез бойынша үйлестіруші ҚАЖ туберкулезге қарсы мекемелерден алынған туберкулез туралы мәліметтердің жиыны мен талдауына, сондай-ақ туберкулез бойынша стандарттық есептің жүргізілуіне және «Мединформ» ЖШС-ке және ҚР ДСМ ТПҰО-ға уақтылы (ай сайынғы) есептер беруге жауап береді.

57. ҚАЖ туберкулезге қарсы мекемелерде бекітілген түзеу мекемелерінде тіркелген туберкулез жағдайлары туралы мәліметтер базасы құрылады. ҚАЖ туберкулезге қарсы мекемелерде мәліметтер базасына жауапты адамдар осы мәліметтерді оларға бекітілген мекемелерден жинауға және ҚАЖ комитетінің МҚБ-ға ақпарат пен стандартты есептерді ұсынуға жауап береді.

58. Ай сайын «Туберкулезбен ауыратындардың ұлттық тізілімі» бойынша мәліметтер ҚАЖ комитетінің МҚБ-ға жолданады. Енгізілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын тексергеннен кейін ҚАЖ комитетінің МҚБ ай сайын ТИЗО және ТМ бойынша ТПҰО-ға құрастырылған мәліметтер базасын жібереді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р л і г і н і ң
қ ы л м ы с т ы қ - а т қ а р у ж ү й е с і
м е к е м е л е р і н д е ұ с т а л а т ы н
а д а м д а р ғ а т у б е р к у л е з г е
қ а р с ы к ө м е к т і ұ й ы м д а с т ы р у
ережесіне 1-қосымша

Туберкулез бойынша есепке алу-есеп беру нысандары

1. Туберкулез бойынша есепке алу нысандары:

1) ТБ 01 – карта туберкулез науқастарының әрбір жағдайына: ТБ жаңа жағдайы науқасына қайта емделу курсына тіркелген жағдайда, сондай-ақ ҚР ДМ және басқа ведомстволардан алынған «Өмірінде алғашқы рет туберкулездің белсенді түрі, жыныстық жолдар аурулары, трихофития, фавус, қышыма, трахома, жүйке аурулары туралы хабарлама» бойынша алынған ақпарат негізінде өлімге себеп болған туберкулез адамдарға толтырылады.

ТБ 01 – картасы фтизиатр дәрігерімен науқастың тұрғылықты жері бойынша ОДКК «туберкулез» диагнозы расталған соң толтырылады және науқастың барлық химиятерапия курс бойына ақпаратты тіркеу үшін арналған;

2) IV санаты бойынша ТБ 01 – диспансерлік есептің 1В және 1Г топтарынан IV санатқа ауыстырылған арнайы ем алуына байланыссыз әрбір науқасқа толтырылады. Бұл науқастар I, II, III санаттар бойынша емдеу нәтижелері талдауынан алынып тасталады (IV санатқа ауыстырылғандар);

3) ТБ 03 – облыстағы (қала, аудан) туберкулезді тіркеу журналы. Аталған журнал науқас диспансерлік есепке, емделу, бақылауға алынған туберкулезге қарсы ұйымда жүргізіледі. Журналдың сол жағы ем тағайындалғанға дейін толтырылады, ал оң жағы науқастың медициналық картасы ТБ 01 негізінде толтырылады. Журналдағы мәліметтер ай сайын ТБ 04 зертханалық тіркеу журналы және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының жұқпалы ауруларды есепке алу мәліметтерімен (ТБ 02 нысаны - № 1 нысанға қосымша «жеке жұқпалы және паразиттік аурулар туралы есеп») салыстырылып отырады. Ем қабылдау сәтсіз аяқталған жағдайда науқасты ТБ 03 журналына қайта тіркеу қажет;

4) ТБ 04 – зертханалық тіркеу журналы, қақырықты туберкулез микобактериясына микроскопиялық тексеріс АМСК жүйесі және ТҚКҰ-ның әрбір зертханасында жүргізіледі. Зертханалық реттік нөмір қақырық үлгісіне емес, науқасқа беріледі;

5) ТБ 05 – қақырықты туберкулез микобактериясына (бактериоскопияға) микроскопиялық тексеруге берілетін жолдама;

6) ТБ 06 – ТМБ дақылдарының туберкулезге қарсы қолданылатын дәрілерге сезімталдығын анықтауға жолдама;

7) ТБ 09 – туберкулезбен ауыратын науқасты бір мекемеден басқа мекемеге ауыстыру жолдамасы;

8) ТБ 11– туберкулезбен ауыратын науқастарды IV санаты бойынша тіркеу журналы. Аталған журнал облыстық және аудандық туберкулезге қарсы күресу ұйымдарында дәріге төзімді туберкулезбен ауырып, IV санатына ауыстырылған науқастарды тіркеу үшін жүргізіледі;

9) ТБ 12 – туберкулезге қарсы қолданылатын дәрілерді тіркеу журналы;

- 10) ТБ 14 – науқастың емделуге ақпараттандырылған келісімі;
- 11) ТБ 15 – туберкулез ауруына күмән науқастарды тіркеу журналы;
- 12) ТБ 16 – контингентті диспансерлік бақылау картасы;
- 13) ТБ 17 - Дақылды зерттеулерді зертханалық есепке алу журналы;
- 14) ТБ 18 – туберкулез микобактериясының дәріге сезімталдығын тестілеу қорытындыларының зертханалық журналы.

2. Туберкулез бойынша есеп беру нысандары:

1) ТБ 07 - тіркелген туберкулез жағдайлары туралы тоқсандық есеп. Аталған тоқсандық есепті ТБ 03 туберкулезді тіркеу журналы негізінде туберкулезге қарсы ұйымы аудан, қала, облыс, республика деңгейінде құрастырады. Туберкулезге қарсы ұйымдары тоқсандық есепті тікелей принцип бойынша ТПҰО-ға тапсырады. Облыстар бойынша жиынтық есепті ТМҰО құрастырады;

2) IV санаты бойынша ТБ 07 - IV санатқа тіркелген, IV санаты бойынша науқастарға арналған үлгілері бойынша химиятерапия бастаған науқастарды талдауға арналған. Тоқсандық есеп тоқсан ішінде қанша науқас КДТ ТБ расталған науқастардың санын көрсетеді;

3) ТБ 08 - 12 ай бұрын тіркелген туберкулезбен ауыратын науқастардың ем нәтижесінің тоқсандық есебі. Аталған нысан ТБ 03 туберкулез ауруын тіркеу журналы негізінде есеп беріліп отырған тоқсанның соңғы күнінен бір жыл кері қайтып құрастырылады. Есеп тікелей принциппен ТБ 07 нысанына ұқсас та п с ы р ы л а д ы ;

4) IV санаты бойынша ТБ 08 - IV санат науқастардың қорытынды емдеу нәтижесін көрсетеді. Химиятерапия ұзақ уақыт өткізілетін болған соң, нәтижесі ұзақтық емделудің ретроспективтік жүргізілуін көрсетеді. IV санаты бойынша ТБ 08 нысаны осы когортаның соңғы науқасы химиотерапияны бастаған уақыттан бастап 12, 24 және 36 айдан соң толтырылады. Науқастардың бір бөлігі препараттарды қабылдауды 12 және 24 айдан соң аяқтайды, бұл емделудің қорытындысын алдын ала бағалауға мүмкіндік береді;

5) ТБ 10 - 6 ай бұрын тіркелген бактерия бөлуші науқастардың қақырық жағындысы конверсиясының нәтижесі бойынша тоқсандық есеп;

6) IV санаты бойынша ТБ10 - қақырық жағындысы конверсиясының нәтижесі бойынша алдын ала есеп беру болып табылады және оның нәтижесі әрбір тоқсандық когорта бойынша IV санатқа арналған үлгі бойынша химиятерапияны бастау күнімен анықталады. Соңғы емдеу нәтижесі 2 және 3 жылдан кейін алынатын болған соң, мониторинг жүргізу үшін әрбір когорта бойынша алдын ала нәтижесін алу аса тиімді болып табылады;

7) ТБ 13 - Туберкулезге қарсы препараттардың қолданылуы туралы тоқсандық есеп.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
қылмыстық-атқару жүйесі
мекемелерінде ұсталатын
адамдарға туберкулезге
қарсы көмекті ұйымдастыру
ережесіне 2-қосымша
Нысан

Жөтелетін аурулар журналы

Ж а с а қ № _ _ _

2010 жыл _____ айы

№	Аты-жөні	Ай күндері																	

Жасақ бастығы (аты-жөні) _____

Қолы _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
қылмыстық-атқару жүйесі
мекемелерінде ұсталатын
адамдарға туберкулезге
қарсы көмекті ұйымдастыру
ережесіне 3-қосымша

Кестелер

№ 1 кесте. Химиятерапияның стандартты үлгілері

Категория	Қарқынды кезең	Базалық дозалар саны	Жалғастыру кезеңі	Базалық дозалар саны
I	2 (4) HRZE (S) стрептомицин 2 ай қолданылады (60 доза)	60 (120)	4 (7) H ₃ R ₃ немесе 4 (7)) HR немесе 4 (7) HRE *	60 (150)** 120 (210)
II	3 (5) HRZES стрептомицин 2 ай қолданылады	90 (150)	5 H ₃ R ₃ E ₃ немесе 5 HRE	7 5 * * 150
III	2 HRZE	60	4 H ₃ R ₃ немесе 4 HR немесе 4 HRE*	6 0 * * 120

Ескерту: әріптердің алдындағы сандар ем кезеңінің айлық ұзақтығын көрсетеді. Төмендегі индекстегі сандар аптадағы препарат мөлшерінің санын көрсетеді. Егер әріптен кейін сан болмаса, науқас препаратты күнде қабылдауы

керек. Альтернативті препарат жақша ішінде көрсетілген.

* Бұл үлгі изониазид немесе рифампицинге жеке тұрақтылық болған жағдайда қолданылады.

** туберкулезге қарсы препараттарды аптасына 3 рет қабылдауда

2 кесте. Ересектер үшін пациенттердің дене салмағы үлесін есепке алғандағы туберкулезге қарсы препараттар дозаларының үлгісі

Салмақ үлесі (кг)	Қарқынды кезең			Жалғастыру кезеңі		
	Емдеу категориясы және тиімділігіне байланысты 2-5 ай			Емдеу категориясына байланысты 4-5 ай		
	Күнделікті	Күнделікті	Аптасына үш рет	Күнделікті	Аптасына үш рет	Күнделікті
	RHZE 150 мг + 75 мг + 400 мг + 275 мг	RHZ 150 мг + 75 мг + 400 мг	RHZ 150 мг + 150 мг + 500 мг	RH 150 мг + 75 мг	RH 150 мг + 150 мг	EH 400 мг + 150 мг
30-37	2	2	2	2	2	1.5
38-54	3	3	3	3	3	2
55-70	4	4	4	4	4	3
71 және көп	5	5	5	5	5	3

№ 3 кесте. Қақырықты тексеру мерзімділігінің үлгісі

	Қақырық жағындысын тексеруді келесі мерзімділікте жүргізу керек			
Емдеудің жалғастыру кезеңінің ұзақтығы 6 ай	емдеу алдында (0)	2 ай соңында	5 ай басында	6 ай соңында
Емдеудің жалғастыру кезеңінің ұзақтығы 8 ай	емдеу алдында (0)	3 (4) ай соңында	5 ай соңында	8 ай соңында

Қазақстан Республикасы
 Әділет министрлігінің
 қылмыстық-атқару жүйесі
 мекемелерінде ұсталатын
 адамдарға туберкулезге
 қарсы көмекті ұйымдастыру
 ережесіне 4-қосымша

Ведомствоаралық өзара әрекет ету бойынша

№ 1 МАРШРУТТЫҚ КАРТАСЫ _____ облысы бойынша ҚАЖКБ-ның _____ мекемесінен емі аяқталмай босатылатындар туралы ақпарат

1. Т.А.Ә. _____
2. Туған жылы _____ 3.
- Босатылатын күні _____ 4.

Үлгісі, категориясы _____ 5.
Аудандық тіркеу нөмірі _____ 6.
Емдеу басталған күні _____ 7.
Диагнозы _____ 8.
Босатылу кезінде МБТ+, (-) _____ 9. ДСТ
деректері _____ 10. Соңғы
рентгендік тексеріс күні (CV+, CV-) _____ 11. Мәжбүрлеп
емдеу тағайындалуы _____ 12. Нақты
тұрғылықты мекен-жайы _____ 13.
Аумақтық ОТҚД мекен жайы _____

Д ә р і г е р - ф т и з и а т р
(Т.А.Ж.) _____

М Б

б а с т ы ғ ы

(Т.А.Ж.) _____

Күні «__» _____ 200 ж.

Ескертпе: факспен, поштамен, электронды поштамен жіберілді (көрсету керек)

Ведомствоаралық өзара әрекет ету бойынша

**№ 2 МАРШРУТТЫҚ КАРТАСЫ _____ облысы бойынша ҚАЖКБ-ның
_____ мекемесінен емі аяқталмай босатылған аурулар және емделудің
нәтижесі туралы ақпарат**

(ОТҚД толтырады)

1. Т.А.Ә. _____
2. Туған жылы _____
3. ҚАЖКБ-ның мекемесінен алынған ақпаратын уақыты _____
4. «Д» тіркеуге алынған күні және емделу уақыты _____
5. Емделудің аяқталу уақыты _____
6. Емделудің нәтижесі _____
7. Диагнозы _____

Д ә р і г е р - ф т и з и а т р

(Т.А.Ж.) _____

О Т Қ Д

б а с

д ә р і г е р і

(Т.А.Ж.) _____

Күні «__» _____ 200 ж.

Ескертпе: факспен, поштамен, электронды поштамен жіберілді (көрсету керек)

Егер де науқас жоғарыда көрсетілген мекен-жайда тұрмайтын болса хабарлау тиіс.

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Дайындаған (ТМ маманы) _____

Қабылдаған (ОТҚД маманы) _____

Тізім аумақтық туберкулезге қарсы диспансерге және ішкі істер органдарына беріледі.

_____ облысы ТМ-нен _____ облысына емі аяқталмай босатылған туберкулезбен науқастың емінің нәтижелері және туберкулез аурулары туралы ақпарат (2009 ж. _____ тоқсан)

Пенитенциарлық жүйеде толтырылады						ОТҚД толтырылады					
№	Тегі, аты-жөні	Түрі/ категориясы	Емделудің басталу күні	Босатылар кезінде		Босатылған күні	ОТҚД хабарлаған күн	ТМ-нен ақпаратты алған күні	"Д" тіркеуге алған күні	Емделу нәтижесі	ескертпе
				МБТ + / МБТ -	Емделу кезінде						

ТМ маманы _____ ОТҚД маманы _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ә д і л е т м и н и с т р л і г і н і ң
 қ ы л м ы с т ы қ - а т қ а р у ж ү й е с і
 м е к е м е л е р і н д е ұ с т а л а т ы н
 а д а м д а р ғ а т у б е р к у л е з г е
 қ а р с ы к ө м е к т і ұ й ы м д а с т ы р у
 ережесіне 6-қосымша

Туберкулезбен науқас аурулар бойынша ақпарат беру және салыстыру жүргізу сызбасы

1. Егер мекеме бір облыс аумағында орналасса, ТИЗО-дан ауруды туберкулезге қарсы емдейтін түзеу мекемесіне жіберу бағыты;

1) ТИЗО-дан жіберу түрі:

бір облыс аумағында орналасқан мекемеден туберкулездің белсенді түрі анықталғанда, диагнозын растау, емдеу стратегиясын анықтау, ауруды бақылау туберкулезге қарсы мекеменің орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссия шешімімен жүргізіледі.


ТБ 02, 07 (ТБ 07 IV санаты), 08 (ТБ 08 IV санаты), ТБ 10 (ТБ 10 IV санаты) нысандары бойынша есеп беру мерзіміне сәйкес, ТБ 13 облыстардағы ҚАЖКБ-ның медициналық қамтамасыз ету бөліміне (бөлімше, топ) жіберіледі. ТИЗО-ның медициналық бөлімі ТБ 03 журналы мен туберкулезге қарсы

мекеменің ТБ 03 жиынтық журналы бойынша сол көрсетілген нөмірімен, мекеменің (ТИЗО) индексін және келген уақытын көрсетіп үнемі салыстырып отырады, ал келесі салыстыруда тексеру және емделу нәтижесі кестесінде емделу нәтижесі көрсетіледі. Белгіленген күні, ТИЗО дәрігер-фтизиатр маманы (келісім бойынша) туберкулезге қарсы мекемеге салыстыруға шығады.

Туберкулезге қарсы мекемеге түскен кезде науқас ТБ 03 журналы және «Туберкулез ауруының ұлттық тіркеуіне» «ауысқан» түрімен тіркеледі. Емделу аяқталғаннан кейін, емделу нәтижесі ТБ 08 үлгісіне тіркеу үшін келген ТИЗО-ға беріледі.

«Туберкулез ауруының ұлттық тіркеу» деректері ай сайын ҚАЖ комитетінің МҚБ-ға беріледі.

Бір облыс аумағында орналасқан ТИЗО-дан туберкулезге қарсы емдейтін мекемеге кеткен кездегі ақпаратты тапсыру және салыстыру сызбасы:




1) ТМ - ға жіберу түрі.

- туберкулезге қарсы емдейтін түзеу мекемесінің үлкен қашықтықта болған жағдайда науқастың диагнозын денсаулық сақтау азаматтық секторының аумақтық орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссиясы қояды;

- жақын орналасқан жағдайда – ҚАЖ орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссиясы қояды.

ТМ-нен туберкулезге қарсы мекемеге келіп түскен туберкулездің белсенді түрімен науқастанғандар ТБ 03 журналына және «жаңа жағдай», «қайталама», «басқа да» ретінде «Туберкулез ауруының ұлттық тіркеу» журналында тіркеледі.



2. Басқа облыстан келгендерге:

1) ТИЗО-ға арналған түрі:

басқа облыстарда туберкулездің белсенді түрі анықталған аурудың, диагнозын растау, емдеу стратегиясын анықтау, ауруды бақылау аумақтық денсаулық сақтау органдарының мамандарын тарта отырып жүргізіледі.

Әрбір анықталған туберкулез ауруына хабарлама, ТБ-01, 02, 03, 04, 05, 06, 07, 08, 10 есеп-есеп беру үлгілері толтырылады және жүргізіледі. ТИЗО-дан ҚАЖКБ-ның МСЭҚБ және туберкулезге қарсы мекемеге хабарлама жіберіледі. Туберкулезге қарсы мекемеге хабарлама тек қана туберкулез ауруын айдауылдау алдындағы тексерісте анықталса, яғни ауруды анықтау кезінен, ауруды туберкулезге қарсы мекемеге емделуге жіберуге дейін 1 айдан аз уақытты құраса. Үкімнің заңды түрде күшіне енгеніне дейін және туберкулезге қарсы емдейтін мекемеге ауыстырылғанша, ауруды орнында стандартты сызба бойынша емдеуді қамтамасыз етеді. Туберкулезге қарсы емдейтін мекемеге ауыстырылған жағдайда есеп нысанының ТБ-01 үлгісі жіберіледі, көшірмесі анықталған жерде қалады. Туберкулезге қарсы мекемеге түскен кезде ауру ТБ 03 журналы және «Туберкулез ауруының ұлттық тіркеуіне» «ауысқан» түрімен тіркеледі. Емделу аяқталғаннан кейін, емделу нәтижесі, ТБ 08 және ТБ 10 үлгілеріне тіркеу үшін науқас келген ТИЗО-ға беріледі.

ТИЗО-дан басқа облыста орналасқан туберкулезге қарсы емдейтін мекемеге кеткен кездегі ақпаратты тапсыру және салыстыру сызбасы:



2) ТМ-ға арналған түрі:

Диагноз орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссиямен расталады. ТБ 03 журналында науқас тиісті үлгі бойынша тіркеледі.

ТМ-де анықталған туберкулез ауруына хабарлама, ТБ-01, 02, 03, 04, 05, 07 есеп беру үлгілері толтырылады. ТІЗО-дан ҚАЖКБ-ның МСЭҚБ және туберкулезге қарсы мекемеге хабарлама жіберіледі.

Облыстық ТМ-нен туберкулезге қарсы мекемеге келіп түскен туберкулездің белсенді түрімен науқастанғандар ТБ 03 журналына және «жаңа жағдай», «қайталама», «басқа да» ретінде «Туберкулез ауруының ұлттық тіркеу» журналында тіркеледі.

